

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық өнер университеті»  
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**

«23» сүзір 2023 ж. № хаттама  
Ғылыми кеңестің тегерасы

Д. Ахметжаров



## 6B02186 «СЦЕНОГРАФИЯ - КИІМ ДИЗАЙНЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ

### ✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е коллежден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Сценография және сәндік өнер»	6B02186 «Сценография - Киім дизайнны»	Қазақ Орыс	Жалпы орта немесе кәсіптік білімінің болуы (көркем сурет мектебі, көркем сурет колледжі, көркем өнер лицейлері, бейнелеу өнері студиясы және т.б.)	Жоқ	75 грант және ақылы

### Талапкерге қойылатын талаптар

- Жалпы орта немесе кәсіптік білімінің болуы (көркем сурет мектебі, көркем сурет колледжі, көркем өнер лицейлері, бейнелеу өнері студиясы және т.б.).
- Талапкердің бейнелеу өнері бойынша сауаттылығы және әр түрлі көркем сурет материалдарымен (карындаш, акварель, гуашь, майлы бояу және т.ғ.б.) сурет салу тәжірибесі және қалыптасқан дағдылары болуы кажет.

### Іріктеу

- Құжаттарды қабылдау үшін талапкер іріктеу комиссиясына сурет, кескіндеме және композиция бойынша кемінде 20 шығармашылық жұмыстар ұсынуы тиіс.
- Ұсынылған жұмыстар негізінде құжаттарды қабылдау және шығармашылық емтихандарға қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылданады.
- Ұсынылатын жұмыстар A1, A3, A4 форматынан кіші болмауы керек.
- Іріктеу комиссиясы үшін талапкердің өзі орындаған шығармалар ғана ұсынылуы тиіс. Авторлық оқу жұмыстар, академиялық жұмыстар, өз қиялына негізделген тақырыптық композициялар.



- Іріктеу комиссиясы тараپынан басқа авторлардың түйндыларынан, интернеттен суреттерден, кітап репродукцияларынан және анимэден көшірілген жұмыстар қаралмайды.
- Талаптарға сәйкес келетін жұмыс үлгілері төменде берілген.

### Іріктеу комиссиясына ұсынылатын жұмыстар үлгілері

#### Сурет

*Бейнеленетін нысандар:* гипстең жасалған геометриялық фигуralар, гипстік бас пен бюсттер, пейзаждар, натюморттар, портреттер, адам фигурасының бейнелері, әртүрлі нобайлар мен суреттер.


*Материалдар:* қарындаш, жұмсақ материалдар: соус, көмір, сангина, пастель, тушь, графикалық жұмыстар (линогравюра).



#### Кескіндеме

*Бейнеленетін нысандар:* пейзаждар, натюморттар, портреттер, адам фигурасының бейнелері, түрлі этюдтер мен суреттер.

*Материалдар:* акварель, гуашь, темпера, акрил, майлы бояулар.








## Композиция

**Бейнеленетін нысандар:** ұлттық мотивтер мен қазіргі заманғы өмір тақырыбындағы картиналар, еркін тақырыптағы сюжеттік композициялар, абстрактілі - геометриялық, өрнектелген немесе стильтенген композициялар.

Сонымен қатар көлемді мүсін, бедер немесе сәндік-қолданбалы өнер туындыларын (киіз, мата, металл, керамика, ағаш, былғары және т.б.) ұсынуға болады.

**Материалдар:** акварель, гуашь, темпера, акрил, майлы бояулар, графика, киіз, мата, металл, керамика, ағаш, тері және т.б.






## **ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР**

**СУРЕТ (I шыгармашылық емтихан)** Орындау уақыты – 5 сағат **Тапсырма:** «Гипсты бастың суреті»

**Материалдар:** A2 форматындағы қағаз, қарындаш (2Н - 2 В), өшіргіш, кнопкалар.

### **Емтиханға қойылатын талаптар:**

1. Бейнеленген нысанды паракта сауатты композициялық орналастыру (компановка)
2. Конструктивті құрылыш.
3. Пропорциялардың дәлдігі.
4. Модель бөлшектерін тональды өңдеу (штрихтау).
5. Материалды гипс пен фонның арақатынасы арқылы шынайы бейнелеу.



1. Сол жақта: Гипсты бас (Давид)

2. Оң жақта: Давид гипсты бастың суреті

## **КЕСКІНДЕМЕ (I шыгармашылық емтихан)**


**Уақыт орындалуын - 5 сағат**

**Тапсырма:** «Мatalар және бірнеше заттары бар натюрморт»

**Материалдар:** A2 формат қағазы, карындаш, өшіргіш, кнопкалар, акварель, гуашь, акрил, қылқаламдар, палитра, суға арналған ыдыс.

### **Емтиханға қойылатын талаптар:**

1. Бейнеленетін нысанды қағазда композициялық сауатты орналастыру (компановка).
2. Сауатты түстік-колористикалық шешім.
3. Рендік қасиеттерін беру (жарқыраулар, рефлекстер, көленкелер).
4. Жарық-аяу ортасын беру.
5. Материалдылық пен фактураны (шыны, мата, жеміс және т.б.) берілуі.



1. Сол жақта: Натюрморт үлгісі
2. Оң жақта: Натюрморт кескіндемесінің үлгісі

## КОМПОЗИЦИЯ (II шыгармашылық емтихан)

Орындау уақыты- 4 сағат

**Тапсырма:** Берілген тақырып бойынша заманауи киім дизайн эскизін жобалау. Тапсырманың тақырыбы емтихан кезінде талапкерге хабарланады (төменде қараңыз). Бір парақта екі фигураның суреті қажет.

**Орындау техникасы:** Графикалық жұмыс. Хроматикалық шешім (түсті) **Материалдар:** А3 формат қағазы, акварель, гуашь, акрил, тушь, маркерлер, скетч маркерлері, түрлі түсті карандаштар, қылқалам, палитра, суға арналған банкі, кнопкалар.

**Емтиханға қойылатын талаптар:**

1. Біртұтас, заманауи бейнені жасау.
2. Тапсырманың тақырыбына сәйкестігі және оны ашу білуі.
3. Берілген тақырыптың сауатты композициялық шешімі.
4. Тапсырмада қиялды және бейнелі ойлауды көрсету.
5. Адам фигурасының пропорцияларын сактау.
6. Түстік шешім үйлесімділігі.
7. Көркем-графикалық құралдарды еркін пайдалану.

**«Киім дизайны» білім беру бағдарламасы бойынша «Композиция» шығармашылық емтиханын тапсыруға арналған тақырыптар тізімі:**

- Қазақтың ұлттық киімі
- Жапон ұлттық киімі
- Еуропалық костюм
- Экомода
- Трендтерге сәйкес мода

### **Композиция бойынша тапсырма үлгісі**



#### **Байланыс ақпараты:**

Шығармашылық емтихан бойынша сұрақтар: [Senografia.sandik.oner@kaznui.kz](mailto:Senografia.sandik.oner@kaznui.kz)  
Окуға түсудің жалпы мәселелері бойынша: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)

**Факультет деканы:** Смагулов Арыстан Серікболович

**Кафедра менгерушісі:** Могильная Анастасия Валерьевна

**Шығармашылық емтихандарды бағалау критерийлері:**

Бағалауды и балдьык корсектіні <i>I шығармашылық емтиханы</i>	<b>Бағалау критерийлері</b>		Бағалауды и балдьык корсектіні <i>II шығармашылық емтиханы</i>	Бағалауды и балдьык корсектіні <i>III шығармашылық емтиханы</i>
	<i>I шығармашылық емтиханы</i>	<i>II шығармашылық емтиханы</i>		
20-25 (Сурет)	Барлық талаптарға сәйкестік, жұмыстың толық аяқталуы	45-50	Барлық талаптар орындауды	
15-19	Жұмыстың толық аяқтауымен, бірақ тоналдың пысықтау немесе материалды көрсету бойынша елеусіз ескертумен барлық талаптарға сәйкестігі	40-44	Барлық талаптар орындауды, бірақ графикалық орындауда аздаган кемшіліктер бар	
10-14	Жұмыстың толық аяқтауымен, бірақ пропорцияларды беру және конструктивті құрылым бойынша ескертулермен барлық талаптарға сәйкестігі	35-39	Барлық талаптар орындауды, бірақ композициялық шешімде ескертулер бар	
5-9	Үш талапқа сәйкес көлмейтін жұмысты аяқтаудаған түрде орындау	30-34	Барлық талаптар орындауды, бірақ шешімне қатысты ескертулер бар	
0-4	Барлық талаптарға сәйкесіздік (келесі емтиханға етпейді)	25-29	Барлық талаптар орындағанымен, адам бейнесін салуда олқылықтар бар.	
20-25 (Кескіндеме)	Барлық талаптарға сәйкестік, жұмыстың толық аяқталуы	20-24	Белгілі бір талаптарды орындау. Кейбір көркем графикалық құрал мүмкіндіктерін көздейді	
15-19	Жұмыстың толық аяқтауымен, бірақ материал мен текстураны беру немесе жарық-ауа ортасын беру жөнінде елеусіз ескертумен барлық талаптарға сәйкестігі	15-19	Жеке талаптарға сәйкес көлмей. Тапсырма тақырыбын ашпау туралы ескертулер бар	
10-14	Жұмыстың толық аяқтауымен, бірақ тоналдың пісін түсті беру бойынша ескертулермен- колористикалық шешіммен барлық талаптарға сәйкестігі	10-14	Біртұтас өзекті бейне жасау жөніндегі талаптарға сәйкес көлмейі және жұмыс орындаудың аяқталмауы!	
5-9	Үш талапқа сәйкес көлмейтін жұмысты аяқтаудаған түрде орындау	5-9	З-тен астам талаптарға сәйкес көлмей. Графикалық бейнелеу мәдениеттің болмауы	
0-4	Барлық талаптарға сәйкесіздік (келесі емтиханға етпейді)	0-4	Барлық талаптарға сәйкес көлмей. Қиял мен бейнелі шешімнің болмауы. (емтиханнан отпеді)	

*Шығармашылық емтиханы «Сурет» және «Кескіндеме» деген еki тапсырмадан тұрса, қорытынды база бапдарды жинактау экологиян, қонылады, әрбір тапсырманың ең көп бап саны 25 баптың күрсіді.*